

## Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

«6D110100 – Медицина» және «6D110200 – Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандықтары бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі Диссертациялық Кеңес мәжілісінің

### №1 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

05.09.2019 ж.

**Қатысқандар:** Ғылыми-зерттеу істері жөніндегі вице-президент, п.ғ.д., профессор К.М.Беркимбаев, Диссертациялық Кеңес мүшелері м.ғ.д., профессор Ы.С.Молдалиев, м.ғ.д., профессор Ш.М.Сейдинов, м.ғ.д., профессор Р.С.Бектұрғанов, м.ғ.к. У.А.Муқанова, м.ғ.к., доцент Г.О.Нұсқабаева

**Онлайн режимде қатысқандар:** м.ғ.д., доцент Г.М.Құрманова, м.ғ.к., каум.проф. А.Э.Гайпов, м.ғ.д., профессор А.С.Ибадильдин, м.ғ.д., профессор Т.И.Слажнева, м.ғ.д., доцент А.М.Жақсыбергенов, м.ғ.д., профессор Г.К.Каусова, PhD доктор К.М.Файзуллина,

### Күн тәртібінде:

**1. «6D110100 – Медицина» және «6D110200 – Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандықтары философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі Диссертациялық Кеңес құрамын тағайындау туралы**

**Ғылыми-зерттеу істері жөніндегі вице-президент, профессор К.М.Беркимбаев:** ҚР БҒМ-нің Ғылым мен Білімді бақылау комитет төрағасының 29.12.2019 жылғы 2058 бұйрығына сәйкес, Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің 31.03.2019 жылғы №9 Сенат мәжілісінің 3.9.1, 3.9.2 тармақтарындағы «PhD диссертациялық кеңес ережесі мен құрамын бекіту туралы» шешімі бойынша екі «6D110100 – Медицина» және «6D110200 – Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандықтары бойынша Диссертациялық кеңес мүшелерінен Кеңес төрағасын, төраға орынбасарын, Ғалым хатшыны сайлауды ұсынды.

**М.ғ.д., профессор Ы.С.Молдалиев:** Диссертациялық кеңес мүшелері екі мамандық бойынша мүшелерінің 6 университет ғалымдары, қалған 6 мүшелері басқа ЖОО-нан ендірілген.

**Ғылыми-зерттеу істері жөніндегі вице-президент, профессор К.М.Беркимбаев:** Диссертациялық кеңес мүшелері бірауыздан ашық дауыспен ғылым саласында және ғылыми кадрларды даярлау бойынша сіңірген еңбектерін сонымен қатар мамандықтың бағытын ескере отырып Кеңес төрағалығына, төраға орынбасарлығына, Ғалым хатшы қызметіне үміткерлерді ұсыну қажеттігін айтты.

**М.ғ.д., профессор Ы.С.Молдалиев:** «6D110100 – Медицина» және «6D110200 – Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандықтары бойынша Кеңес төрағасының орынбасарлығына м.ғ.д., профессор Ш.М.Сейдиновті, Ғалым хатшы м.ғ.к., доцент Г.О.Нұсқабаеваны сайланылуын ұсынды.

**М.ғ.д., профессор Ш.М.Сейдинов:** «6D110100 – Медицина» және «6D110200 – Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандықтары бойынша Кеңес төрағалығына м.ғ.д., профессор Ы.С.Молдалиевті, Ғалым хатшы м.ғ.к., доцент Г.О.Нұсқабаеваны қызметтеріне сайланылуын ұсынды.

**М.ғ.д., профессор Р.С.Бектұрғанов:** «6D110100 – Медицина» және «6D110200 – Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандықтары бойынша Диссертациялық кеңес мүшелерінің көпжылдық ғылыми-әдістемелік саладағы қызметтерін ескере отырып, Кеңес төрағалығына м.ғ.д., профессор Ы.С.Молдалиевті, төраға орынбасарлығына м.ғ.д., профессор Ш.М.Сейдиновті, Ғалым хатшы м.ғ.к., доцент Г.О.Нұсқабаеваны қызметтеріне сайланылуын қолдап дауыс беремін.

**М.ғ.д., профессор А.С.Ибадильдин:** Диссертациялық кеңес мүшелерінің ұсынысына қарсы емеспін, ғалымдардың ғылым саласындағы еңбектерін ескере келе, Кеңес төрағалығына м.ғ.д., профессор Ы.С.Молдалиевтің сайлануын қолдаймын, қолдап дауыс беремін.

**М.ғ.к. У.А.Муканова:** Диссертациялық кеңес мүшелерінің ұсынысына қарсы емеспін, Кеңес төрағалығына м.ғ.д., профессор Ы.С.Молдалиевті, төраға орынбасарлығына м.ғ.д., профессор Ш.М.Сейдиновті, Ғалым хатшы м.ғ.к., доцент Г.О.Нұсқабаеваны қызметтеріне сайланылуын қолдап дауыс беремін.

**М.ғ.д., доцент Г.М.Құрманова:** Диссертациялық кеңес мүшелерінің ұсынысына қарсы емеспін, ғалымдардың ғылым саласындағы және ғылыми кадрларды даярлау бойынша сіңірген еңбектерін сонымен қатар мамандықтың бағытын ескере келе, қолдап дауыс беремін.

**М.ғ.д., профессор Т.И.Слажнева:** Диссертациялық кеңес мүшелерінің ұсынысына қарсы емеспін. Мен Ықылас Сүйіндікұлын танимын, ғалым ретінде құрметтеймін және ғылым саласындағы сіңірген еңбектерін ескере келе, қолдаймын, қолдап дауыс беремін.

**М.ғ.д., профессор Г.К.Каусова:** Диссертациялық кеңес мүшелерінің ұсынысына қарсы емеспін, ғалымдардың ғылым саласындағы еңбектерін ескере келе, қолдап дауыс беремін.

**М.ғ.д., доцент А.М.Жаксыбергенов:** Диссертациялық кеңес мүшелерінің ұсынысына қарсы емеспін, ғылым саласындағы еңбектерін және мамандықтың бағытын ескере келе, Кеңес төрағалығына м.ғ.д., профессор Ы.С.Молдалиевті, төраға орынбасарлығына м.ғ.д., профессор Ш.М.Сейдиновті, Ғалым хатшы м.ғ.к., доцент Г.О.Нұсқабаеваны қызметтеріне сайланылуын қолдап дауыс беремін.

**М.ғ.к., қаум.проф. А.Э.Гайпов:** Диссертациялық кеңес мүшелерінің ұсынысына қарсы емеспін, Кеңес төрағалығына м.ғ.д., профессор Ы.С.Молдалиевті, төраға орынбасарлығына м.ғ.д., профессор Ш.М.Сейдиновті, Ғалым хатшы м.ғ.к., доцент Г.О.Нұсқабаеваны қызметтеріне сайланылуын қолдап дауыс беремін және бірлесіп жұмыс жасаймыз деген ойдамын.

**PhD доктор К.М.Файзуллина:** Диссертациялық кеңес мүшелерінің ұсынысына қарсы емеспін, ғалымдардың ғылым саласындағы еңбектерін ескере келе, Мен Ықылас Сүйіндікұлын танимын, ғалым ретінде құрметтеймін және ғылым саласындағы сіңірген еңбектерін ескере келе, қолдап дауыс беремін.

**Ғылыми-зерттеу істері жөніндегі вице-президент, профессор К.М.Беркимбаев:** сайлау үдерісін өткізейік.

Диссертациялық кеңес мүшелері «ашық дауыспен» бірауыздан қолдап, сайлау үдерісін өткізді. Тізім бойынша дауыс беру ұсынылды. «Жақтап» - 12, «Қарсы» - жоқ, «Қалыс» - жоқ.

**Ғылыми-зерттеу істері жөніндегі вице-президент, профессор К.М.Беркимбаев:** Кеңес басшылығын сайланылуымен құттықтаймыз. Кеңестің жұмысына сәттілік тілейміз.

**М.ғ.д., профессор Ы.С.Молдалиев:** Сенімдеріңізді ақтауға тырысамын.

**М.ғ.д., профессор Ш.М.Сейдинов:** Маған ұсынылған кеңес төрағасы орынбасары қызметіне лайықты атқарып, сенімдеріңізді ақтаймын деген ойдамын. \*

Ашық дауыс беру нәтижесінде **Диссертациялық кеңес қаулы етеді:**

1. «6D110100 – Медицина» және «6D110200 – Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандықтары бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі Диссертациялық Кеңес төрағасы м.ғ.д., профессор Ы.С.Молдалиев, төраға орынбасары м.ғ.д., профессор Ш.М.Сейдинов, Ғалым хатшы м.ғ.к., доцент Г.О.Нұсқабаева сайланды.

**Мәжіліс төрағасы:**

**Хатшы:**